

Сахнада – «Досымның үйленуі»

Қарағандының С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында ақпанның 25-26 күндері дауылпаз ақын әдебиеттің әр саласында жемісті еңбек еткен Қасым Аманжоловтың қаламынан туған «Досымның үйленуі» комедиясының премьерасы өтеді. Қойылымның режиссері театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері Дунай Еспаев аталмыш спектакльді биыл туғанына бір ғасыр толатын ақын Қасым Аманжоловтың мерейтойына арнап сахналауда. Қойылым барысында туынды авторы - Қасым ақынның атақты әндері орындалады. Қоюшы - режиссер Дунай Еспаев комедияны осы уақыт талғамына икемдеп, ән, би арқылы өзгеше трактовкамен қою үстінде. Спектакльде басты рольдерді театрдың жас буын актерлері Д.Жайлаубай, Қ.Жағыпарова, Д.Зайтова, Т.Таханова, Д.Айғазина, Н.Қырықбаев орындайды. Сахна шеберлер Г.Рашқалиева, Б.Кемалова, З.Әбдіхалықова, Г.Базарбаева сынды актрисалар қатысуы қойылымды одан әрі әрлендіре түспек. Сөйтіп, Арқа театрының репертуарына тағы біртүрлі дүние қосылып, көрермендерін қуантпақшы. Қазақ халқының аяулы ұлы Қасым Аманжолов рухына бағышталған «Досымның үйленуі» комедиясын бірге көріп тамашалайық, өнер сүйер қауым.

**Марал НҮРТӨЛЕУОВА,
театртанушы.**